

	«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАРАГАНДЫ»		
	Терапевтік бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ	Хаттама	Редакция: 1
			1-бет

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Селектор 05.11.2025ж. № 6 хаттама

ЖБТ төрағасы: Тайжанова Дана Жумағалиевна

ЖБТ төрағасының орынбасары: Тойынбекова Рахима Жаксылыковна ЖБТ

хатшысы: Бодаубай Роза Бодаубаевна

Мамандықтар бойынша комитеттердің төрағалары **қатысты:**

Аллергология және иммунология Испаева Жанат Бахитовна

Гастроэнтерология ересектер Ларюшина Елена Михайловна Гематология

ересектер Тургунова Людмила Геннадьевна

Дерматовенерология Батпенова Гульнар Рыскельдыевна Жұқпалы

аурулар Ким Антонина Аркадьевна

Кардиология ересектер Тайжанова Дана Жумағалиевна

Еңбек медицинасы (Кәсіптік патология) Аманбекова Айгуль Укеновна

Неврология Григолашвили Марина Арчиловна

Нефрология ересектер Бачева Ирина Викторовна

Отбасылық медицина Абугалиева Тлеужан Оразалиевна

Психиатрия Любченко Марина Юрьевна Пульмонология

Ибраева Лязат Катаевна

Ревматология ересектер Алина Асел Разаккызы Терапия

Тойынбекова Рахима Жаксылыковна Фтизиатрия Тәбріз

Нұрлан Сүлейменұлы

Эндокринология ересектер Молотов-Лучанский Вилен Борисович

Клиникалық фармакология Калиева Шолпан Сабатаевна

Физикалық медицина және оңалту, спорттық медицина, дәстүрлі медицина Шевелева Наиля

Игоревна

Клиникалық диетология Сүлейменова Динара Сагындыковна

Функциональды диагностика Абилямажинова Гузаль Дуйсембековна

Шақырылғандар:

- Имашева Багдат Сәкенқызы – РУМС ОӘК төрағасының орынбасары
- Досмамбетова Күлсара Қорабайқызы – Ұлттық емтихан және білім бағалау орталығының білім мен дағдыларды бағалау басқармасының жетекшісі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жалпы практика дәрігері (ЖПД)» мамандығы бойынша бейінді интернатура түлегінің оқу нәтижелерін (ОН) бекітуге талқылау және ұсыну.
2. «Терапия» мамандығы бойынша бейінді интернатура түлегінің оқу нәтижелерін (ОН) бекітуге талқылау және ұсыну.
3. Бейінді интернатура мен резидентураға арналған техникалық сипаттаманы талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Тайжанова Д.Ж. – ГУП төрайымы, отырысты ашып, комитет мүшелерін және шақырылған әріптестерді – Имашева Багдат Сәкенқызын (ОӘК) және Досмамбетова Күлсара Қорабайқызын (Ұлттық емтихан орталығы) – қарсы алды.

Ол күн тәртібімен таныстырып, бейінді интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін жаңарту мен жетілдірудің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ РУМС ОӘК шешімімен резидентура түлектеріне арналған тәуелсіз емтиханның ең төменгі өту шегі – 50 балл болып бекітілгенін,

сонымен қатар F типті тестілердің үлесі 15%-ға, ал G типті тестілердің үлесі 10%-ға дейін арттырылғанын хабарлады.

2. Имашева Багдат Сәкенқызы, ОӘК төрағасының орынбасары сөз сөйледі.

Өз баяндамасында оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен құзыреттер тізімін біріздендірудің қажеттілігін атап өтті.

Сондай-ақ бейінді интернатура мен клиникалық тәжірибе бағдарламалары арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге,

оқу бағдарламаларына пәнаралық оқыту элементтерін енгізуге назар аударуды ұсынды.

3. Досмамбетова Күлсара Қорабайқызы, Ұлттық емтихан және білім бағалау орталығының білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы сөз сөйледі.

Ол оқу нәтижелерінің практикалық бағыттылығын күшейтудің маңыздылығын атап өтіп, қорытынды аттестация шеңберінде бағалануы тиіс практикалық дағдылар тізімін кеңейтуді ұсынды.

Басты назарды клиникалық ойлау, шұғыл көмек көрсету және көпсалалы командада коммуникация орнату қабілеттеріне аударуды ұсынды.

4. Аbugалиева Тлеужан Оразалиевна

«Жалпы практика дәрігері (ЖПД)» мамандығы бойынша комитет төрайымы сөз сөйледі.

Ол бейінді интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін ұсынды.

Қоса берілген материалдар:

- Қосымша 1. БМСК деңгейінде жиі кездесетін аурулар нозологиясының тізімі;
- Қосымша 2. БМСК деңгейіндегі шұғыл жағдайлар тізімі;
- Қосымша 3. Негізгі құзыреттер көрсетілген оқу нәтижелері.

5. Аймаханова Г.Т.,

«Терапия» мамандығы бойынша комитет мүшесі сөз сөйледі.

Ол «Терапия» бейінді интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін ұсынды.

Қоса берілген материалдар:

- Қосымша 1. Терапиялық аурулардың меңгеру деңгейлері бойынша тізімі;
- Қосымша 2. «Терапия» бейінді интернатурасына арналған шұғыл жағдайлар тізімі;
- Қосымша 3. Кәсіби құзыреттері (КҚ1–КҚ6) көрсетілген оқу нәтижелері.

6. Досмамбетова К.К. үшінші мәселе бойынша сөз сөйледі.

Ол жаңартылған оқу нәтижелерін, типтік оқу бағдарламаларының мазмұнымен (нозологиялар, манипуляциялар мен дағдылар тізімі) салыстыра отырып қарастырғаннан кейін техникалық сипаттама әзірленетінін хабарлады.

Бұл сипаттама ГУП Терапиялық бағыт бойынша комитетке танысу және талқылау үшін жолданатынын айтты.

Сондай-ақ бейінді интернатурада F типті тестілердің үлесін 10%-ға дейін көбейтіп, қосымша G типті тестілерді 5%-ға дейін енгізуді ұсынды.

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі Курманалиева Г.Л., сондай-ақ С.Д. Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетінің өкілдері ағымдағы оқу жылында интернатурада F типті тестілерді қалдыруды және G типті тестілерді енгізбеуді ұсынды.

Имашева Б.С., ОӘК төрағасының орынбасары,

F және G типті тестілердің құрылымына қатысты мәселені дауыс беру арқылы шешуді ұсынды.

ШЕШІЛДІ:

1. Ұсынылған ақпаратты назарға алу.

Бейінді интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін (ОН) қайта қаралған нұсқада келесі мамандықтар бойынша бекітуге ұсыну:

- «Жалпы практика дәрігері»
- «Терапия»

Әр мамандыққа арналған 1–3-қосымшаларды осы хаттаманың ажырамас бөлігі ретінде есептеу.

2. РУМС ОӘК пен Ұлттық емтихан және білім бағалау орталығының ұсынымдарын назарға алу.

Интернатура мен резидентурадағы оқу нәтижелерінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруде келесі бағыттарға ерекше назар аудару:

- клиникалық ойлауды қалыптастыру,
- практикалық дағдыларды дамыту,
- орындалу мүмкіндігі, өлшенімділік және БМСК деңгейіне бағытталу қағидаттарын сақтау.

3. 2025–2026 оқу жылына арналған шешім:

Интернатура түлектерінің тәуелсіз емтихандарында F типті тестілерді сақтау, ал G типті тестілерді қоспау,

бұл шешім ашық дауыс беру нәтижесі бойынша қабылданды:

- 1-нұсқа: F типті тестілерді қалдыру, G типті тестілерді қоспау — «Қолдады» – 23 адам.
- 2-нұсқа: F типті тестілерді қалдырып, G типті тестілермен толықтыру — «Қолдады» – 2 адам.
- Бейтарап – 1 адам.

Төрайымы:

Д.Ж.Тайжанова

Хатшы:

Р.Б.Бодаубай

«Жалпы практика дәрігері» мамандығы бойынша бейінді интернатура түлегінің оқу нәтижелері

РО	Оқу нәтижесі	Құзыреттер (КҚ)
РО-1	Ересектер мен балалардың шағымдарын, ауру тарихын (анамнезін) жинап, физикалық тексеру жүргізеді және алдын ала диагноз қояды.	КҚ1
РО-2	БМСК деңгейінде жиі кездесетін аурулардың диагностикасын және дифференциалды диагнозын жүргізеді (Қосымша 1-ге сәйкес).	КҚ1, КҚ2
РО-3	Ең жиі кездесетін аурулар кезінде зертханалық және аспаптық зерттеу жоспарын құрастырады, қолданыстағы клиникалық хаттамаларға сай нәтижелерін талдайды және түсіндіреді (Қосымша 1-ге сәйкес).	КҚ2, КҚ4
РО-4	Халыққа шұғыл және жедел медициналық көмек көрсетеді (Қосымша 2-ге сәйкес).	КҚ2, КҚ4
РО-5	Дәлелді медицина қағидаттарына негізделе отырып, клиникалық хаттамаларға сәйкес жеке емдеу және бақылау жоспарын жасайды.	КҚ2, КҚ4
РО-6	Халық арасында, соның ішінде жүкті әйелдер мен балаларға профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізеді.	КҚ2, КҚ4
РО-7	СОП талаптарына сәйкес аймақ бойынша қарсыэпидемиялық іс-шараларды (ошақты анықтау, хабарлау, оқшаулау/бағыттау, байланыста болғандарды бақылау) жүргізеді және жеке мен отбасының салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарын атқарады.	КҚ4, КҚ5
РО-8	Пациенттермен, олардың отбасымен, әріптестерімен және қоғаммен кәсіби өзара әрекеттесуде этикалық қағидаларды сақтайды.	КҚ3, КҚ4
РО-9	Денсаулық сақтау саласының басқа мамандарымен бірлескен көпсалалы (мультидисциплинарлы) топ құрамында диагностикалық және емдеу үдерісін ұйымдастырады және басқарады.	КҚ2, КҚ4, КҚ5
РО-10	Клиникалық тәлімгермен бірге қазіргі заманғы ақпараттық-цифрлық технологиялар мен ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, медициналық құжаттаманы жүргізеді.	КҚ1, КҚ4, КҚ5
РО-11	Уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын жүргізеді және пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясына (МӘСК) жолдайды.	КҚ1, КҚ4
РО-12	Үздіксіз медициналық білім алуға дайындық танытады: жеке кәсіби даму жоспарын құрады, кәсіби құзыреттерін жүйелі түрде жетілдіреді және әріптестер мен мейірбикелерді оқытуға қатысады.	КҚ6

БМСК деңгейінде жиі кездесетін аурулар нозологияларының тізімі

1. Ауруханадан тыс (қауымдық) пневмония
2. Бронхиалды астма
3. Жедел бронхит, ЖРЗ, ЖРВИ
4. Созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА)
5. Атеросклероз
6. Ишемиялық жүрек ауруы (тұрақсыз стенокардия, миокард инфаркті, кенеттен болатын жүрек өлімі)
7. Артериялық гипертензия
8. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі
9. Созылмалы ишемиялық жүрек ауруы (тұрақты күш түсу стенокардиясы, ауырсынусыз ишемия, микроваскулярлы стенокардия)
10. Жүрек ритмі мен өткізгіштігінің бұзылыстары
11. Гастроэзофагеалды рефлюкс ауруы
12. Асқазан және он екі елі ішек ойық жарасы
13. Созылмалы холецистит
14. Созылмалы панкреатит
15. Вирустық В және С гепатиттері (ерте диагностика және амбулаториялық деңгейде жүргізу)
16. Бауыр цирроздары (вирустық және вирустық емес этиологиялы, ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
17. Жедел ревматикалық қызба және созылмалы ревматикалық жүрек ауруы
18. Ревматоидты артрит
19. Остеоартроз
20. Подагра
21. Остеопороз
22. Қант диабеті
23. Семіздік
24. Диффузды уытты жемсау
25. Гипотиреоз
26. Зәр шығару жолдарының инфекциялары
27. Созылмалы бүйрек ауруы
28. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі
29. Біріншілік созылмалы гломерулонефриттер
30. Түтікшелі-интерстициалды нефриттер
31. Теміртапшылық анемия
32. В12 және фолий қышқылы тапшылығынан дамидын анемия
33. Жедел лейкоздар (ерте диагностика және амбулаториялық деңгейде бақылау)
34. Созылмалы лимфолейкоз (ерте диагностика және амбулаториялық деңгейде бақылау)
35. Жүктілік
36. Ерте токсикоз
37. Гестациялық артериялық гипертензия
38. ИБДВ (балалар ауруларын біріктіріп жүргізу) шеңберіндегі қауіпті белгілер
39. Ерте жастағы балалардағы ауыр бактериалдық инфекциялар (ерте диагностика және амбулаториялық деңгейде жүргізу)
40. Тәмен тамақтану (белок-энергетикалық жеткіліксіздік)
41. D дәрумені тапшылығынан дамыған рахит
42. Балалардағы теміртапшылық анемия
43. Атопиялық дерматит (ерте диагностика және амбулаториялық деңгейде жүргізу)
44. Балалардағы жіті респираторлық вирустық инфекциялар
45. Балалардағы бронхиттер
46. Балалардағы ауруханадан тыс пневмония

47. Асқазан және он екі елі ішек ойық жарасы
48. Балалардағы өт шығару жолдарының дискинезиясы, холециститтер
49. Балалардағы созылмалы бүйрек ауруы. Цистит пен пиелонефриттің алдын алу
50. Балалардағы зәр шығару жолдарының инфекциялары
51. Балалардағы І типті қант диабеті (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
52. Панацирий, паронихия, іріңді тендовагинит, пандактилит. Жұмсақ тіндердің іріңді хирургиялық инфекциялары (ерте диагностика және амбулаториялық жүргізу)
53. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол сүйектерінің сынулары
54. Көру ағзаларының жарақаттары. Конъюнктивит және қасаң қабық бөгде денелері. Көз соққысы (ерте диагностика және амбулаториялық жүргізу)
55. Жұтқыншақ, сыртқы есту жолы, мұрын қуысындағы бөгде денелер (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
56. Жедел зәр шығару тежелісі (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
57. Қызылша, қызамық, көкжөтел, дифтерия, паротит инфекциялары
58. Тұмау, ЖРВИ
59. Сальмонеллездер
60. Дизентерия
61. Стрептококкты инфекциялар (ангина, скарлатина, рожисті қабыну)
62. Біріншілік туберкулез
63. Стафилодермиялар (фолликулит, фурункул, гидраденит) (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
64. Псориаз (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
65. Мезер (біріншілік, екіншілік, үшіншілік) (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
66. Гонорея (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
67. Жедел ми қан айналымының бұзылысы (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
68. Созылмалы ми қан айналымының бұзылысы (ерте диагностика және амбулаториялық бақылау)
69. Депрессия
70. Деменция
71. Өкпе рагы (скрининг)
72. Асқазан рагы (скрининг)
73. Ішек рагы (колоректальды раққа скрининг)
74. Әйел жыныс ағзаларының рагы (жатыр мойны рагына скрининг)
75. Сүт безі рагы (скрининг)

Қосымша 3

БМСК деңгейінде кездесетін шұғыл жағдайлар тізімі

1. Ересектер мен балалардағы анафилактикалық шок
2. Клиникалық өлім
3. Ересектер мен балалардағы бронхообструктивті синдром
4. Өкпе артериясының тромбозмболиясы (ӨАТЭ)
5. Асқынған гипертониялық криз (жедел ми қан айналымының бұзылуымен – ЖМКБ)
6. Өкпе ісінуі
7. Жедел коронарлық синдром
8. Кардиогендік шок
9. Гипогликемиялық кома
10. Кетоацидоз, кетоацидотикалық және лактатацидотикалық комалар
11. Жедел асқазан-ішектік қан кету
12. Ересектер мен балалардағы "жедел іш" синдромы
13. Преэклампсия / эклампсия
14. Жарақаттар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету

«Терапия» мамандығы бойынша бейінді интернатура түлегінің оқу нәтижелері

№ / PO	Оқу нәтижесі	Құзыреттер (КҚ)
PO-1	Пациенттің шағымдарын және ауру тарихын (анамнезін) жинайды, физикалық тексеру жүргізеді, симптомдар мен синдромдарды талдайды, жетекші клиникалық синдромды және ұқсас аурулар шеңберін анықтайды, клиникалық ойлау мен дәлелді медицина қағидаттарына сүйене отырып диагноз қояды.	КҚ1
PO-2	Кең таралған терапиялық аурулардың диагностикасын және дифференциалды диагнозын жүргізеді (Қосымша 1-ге сәйкес).	КҚ1
PO-3	Пациенттің қосалқы (коморбидті) жағдайларын, қарсы көрсетілімдерін және клиникалық хаттамалар стандарттарын ескере отырып, жеке зерттеу және емдеу жоспарын құрастырады, ұтымды фармакотерапияны тағайындайды.	КҚ1, КҚ3
PO-4	Жіті (жедел) жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсетеді (Қосымша 2-ге сәйкес).	КҚ3
PO-5	Пациентке динамикалық бақылау жүргізеді, емді түзетеді және оның бағытын (мамандарға жіберу, госпитализациялау) айқындайды.	КҚ3, КҚ4
PO-6	Пациентпен тиімді қарым-қатынас орнатады, сенімді қатынас қалыптастырады, дәрігерлік құпияны сақтайды, пациентке бағдарланған тәсілді қолданады, оны емге және салауатты өмір салтына ынталандырады.	КҚ2
PO-7	Созылмалы аурулардың алдын алу және ерте анықтау қағидаттарын меңгерген, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.	КҚ4
PO-8	Медициналық құжаттаманы (оның ішінде электрондық түрінде) дұрыс жүргізеді.	КҚ4, КҚ5
PO-9	Клиникалық талқылаулар мен пәнаралық (мультидисциплинарлық) консилиумдарға қатысады, күрделі клиникалық жағдайларды шешуде аналитикалық және зерттеушілік көзқарас танытады.	КҚ5, КҚ6
PO-10	ҚР денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді, нормативтік құжаттарды, емхана, стационар және үй жағдайында терапевт жұмысының қағидаттарын біледі, оңалту іс-шараларына қатысады.	КҚ4
PO-11	Терапияның тиімділігін бағалау және шешім қабылдау кезінде дәлелді медицина қағидаттарын қолданады, клиникалық ұсынымдар мен халықаралық деректер базаларын пайдаланады.	КҚ5
PO-12	Өзін-өзі жетілдіреді және команда мүшелерін оқытады, кәсіби пікірталастар мен конференцияларға қатысады.	КҚ6

«Терапия» мамандығына арналған бейінді интернатурадағы жиі кездесетін аурулар тізімі

№	Аурудың атауы	Деңгейі
1	Ауруханадан тыс (қауымдық) пневмония	4
2	Бронхиалды астма	4
3	Созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА)	4
4	Бронхоэктаздық ауру	3,4
5	Плевриттер	4
6	Тыныс жетіспеушілігі	4
7	Өкпе жүрек ауруы (өкпе гипертензиясы, өкпе артериясының тромбоэмболиясы, өкпе жүрегі)	3,4
8	Белгісіз этиологиялы қызба. Сепсис	3,4
9	Жедел аллергиялық реакциялар (аллергоздар)	1,2,3
10	Артериялық гипертензиялар (эссенциалды және симптоматикалық)	4
11	Созылмалы ишемиялық жүрек ауруы	4
12	Миокард инфаркті және оның асқынулары	4
13	Жүрек ритмі мен өткізгіштігінің бұзылыстары	4
14	Миокардиттер	3,4
15	Жүректің жүре пайда болған ақаулары. Ревматикалық жүрек ауруы	3,4
16	Туа біткен жүрек ақаулары	3,4
17	Кардиомиопатиялар (бастапқы және екіншілік)	3,4
18	Инфекциялық эндокардит	3,4
19	Жүрек жеткіліксіздігі (жедел және созылмалы)	4
20	Метаболикалық синдром	4
21	Асқорыту жүйесінің функционалдық бұзылыстары (функционалды диспепсия, өт қабы мен Одди сфинктерінің функционалдық бұзылысы, тітіркенген ішек синдромы)	4
22	Гастроэзофагеалды рефлюкс ауруы	4
23	Созылмалы гастрит	4
24	Асқазан және он екі елі ішектің ойық жара ауруы	4
25	Созылмалы холецистит. Өт-тас ауруы	4
26	Созылмалы панкреатит	4
27	Созылмалы гепатиттер (вирустық және вирустық емес этиологиялы)	3,4
28	Бауыр цирроздары	4
29	Ішектің қабынбалы аурулары (жаралы колит, Крон ауруы)	3,4
30	Тапшылық анемиялар (теміртапшылық, В12-тапшылық, фолийқышқылы тапшылығынан)	4
31	Апластикалық анемиялар	3,4
32	Гемолитикалық анемиялар	3,4
33	Тромбоцитопениялар	3,4
34	Қан ұю жүйесінің бұзылыстары (гемофилия, Виллебранд ауруы, К дәрумені тапшылығы)	3,4

№	Аурудың атауы	Деңгейі
35	Тромбофилия	3,4
36	Таралған тамырішілік ұю синдромы (ДВС-синдром)	3,4
37	Лейкоздар (жедел және созылмалы түрлері)	3,4
38	Ревматоидты артрит	3,4
39	Жүйелі склеродермия	3,4
40	Жүйелі қызыл жегі (қызыл жұлдызша ауруы)	3,4
41	Дерматомиозит	3,4
42	Серонегативті спондилоартропатиялар	3,4
43	Инфекциялық артриттер	3,4
44	Остеоартрит	4
45	Подагра	3,4
46	Остеопороз	4
47	Қант диабеті	3,4
48	Гипотиреоз	3,4
49	Тиреотоксикоз	3,4
50	Аутоиммундық тиреоидит	3,4
51	Гиперкортицизм	3,4
52	Бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі	3,4
53	Зәр шығару жолдарының асқынбаған және асқынған инфекциялары	4
54	Жедел және созылмалы түтікшелі-интерстициалды нефриттер	3,4
55	Гломерулярлы аурулар. Гломерулонефриттер	3,4
56	Жедел бүйрек зақымдануы	3,4
57	Созылмалы бүйрек ауруы	3,4

Қосымша 2

«Терапия» мамандығына арналған бейінді интернатура бойынша шұғыл жағдайлар тізімі

1. Анафилактикалық шок
2. Клиникалық өлім
3. Бронхообструктивті синдром
4. Өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ)
5. Асфиксия (түншығу)
6. Гипертониялық криз
7. Өкпе ісінуі
8. Қолқа аневризмасының ажырауы
9. Жедел коронарлық синдром
10. Кардиогендік шок
11. Естен тану (синкопе)
12. Септикалық шок
13. Гипогликемиялық кома
14. Кетоацидоз, кетоацидотикалық және лактатацидотикалық комалар
15. Жедел асқазан-ішектік қан кету
16. Гиповолемиялық шок
17. Жедел іш (жедел іш қуысы синдромы)

18. Бүйрек үсті безінің жедел жеткіліксіздігі
19. Тиреотоксикалық криз
20. Гемолитикалық криз
21. Геморрагиялық синдром
22. Жедел бүйрек зақымдануы
23. Жедел бауыр жеткіліксіздігі
24. Тар QRS кешенді пароксизмальды тахикардия
25. Кең QRS кешенді пароксизмальды тахикардия
26. Преэклампсия / эклампсия
27. Жедел ми қан айналымының бұзылысы (инсульт)
28. Жедел психомоторлық қозу
29. Эпилептикалық ұстама